


Дәріс 11. Тарихи музейлер

Мақсаты: білім алушыларды тарихи музей мекемелерінің тарихымен және ғылыми пән ретінде музейтанудың ерекшеліктері ұғымын қалыптастыру

Дәріскер: т.ғ.к., доцент Қ.Б. Баудиярова

Жоспар

01

Тарихи музей ұғымы және музейтану ғылымы

02

Тарихи музейлердің түрлері

03

Музейлердің негізгі міндеттері

04

Қазақстандағы тарихи музейлер

Музейлердің рөлі және маңызы

Мәдениет, ғылым, білім беру мен тәрбиелеу саласындағы музейлер қоғамның өздеріне қоятын ерекше міндеттерін шешеді.

Тарихи музейлерге тарих ғылымының жүйесіне негізделген барлық музейлер жатады.



Тарихи музейлердің түрлері

- жалпы тарихи
- археологиялық
- этнологиялық
- нумизматикалық
- әскери-тарихи
- тарихи-экономикалық
- арнайы тарихи музейлер

Музейлердің негізгі міндеттері

Музейдің мынандай міндеттерін атап өтуге болады:

1

музейлер табиғат пен қоғамның даму заңдылықтарын, құбылыстар мен процестерін ғылыми деректендіреді.

2

олар ұлттық және әлемдік мәдени мүдде үшін мәдени-тарихи құндылықтарды қорғау міндеттерін шешеді.

3

музей олардың барлық қызметі негізделінетін ғылыми зерттеулердің өзіндік ерекше орталығы болып табылады.

4

қоғам музейдің алдына жас ұрпақты қалыптастыру мен тәрбиелеу саласындағы талаптар қояды.



Тарихи музейдің жинақтары

Тарихи музейдің жинақтарына іріктелген, тарихи құндылығы бар, соның ішінде қазіргі замандық заттар да кіреді.

Олар зерттеу жұмысына, экспозиция мен көрмелерге және музей қызметінің басқа да түрлеріне қолданылады.



Тарихи музейлердің қоры

Тарихи музейлердің қоры негізінен түпнұсқа заттық, бейнелеу, жазба және дыбыстық деректерден тұрады.

Музейдің ғылыми-зерттеу қызметі

Барлық музейлер жалпы жаратылыстану мен қоғамдық ғылымдар жүйесімен тығыз байланысты және белгілі бір ғылыми пәнге жатуына сай өзінің ғылыми міндеттерін шешеді.

Музейдің үздіксіз дамуына, оның жұмысының жемісті болуына музей заттарын зерттеу және оларды жинау маңызды роль атқарады.



Музейдің білім беру және тәрбиелік рөлі

Музей өзінің білім беру, тәрбиелеу міндетін жүзеге асыру барысында жас ұрпақтың тарихқа деген ғылыми көзқарасын қалыптастырып, музейлік мәдениетке тәрбиелейді.



Бақылау сұрақтары

1. Музей ісінің қоғамдағы рөлі қандай?
2. Музейлердің негізгі түрлері мен классификациясы қалай жүргізіледі?
3. Тарихи музейлердің ерекшелігі неде?
4. Музей ісінің даму тарихы қалай қалыптасты?
5. Музейлердің білім беру саласындағы рөлі қандай?

Әдебиеттер

1. Юренева Т.Ю. Музееведение. – М., 2006
2. 2. Поляков Т.П. Мифология музейного проектирования. – М., 2003
3. Шулепова Э.А. Основы музееведения, М., 2005
4. Мазный Н.В., Поляков Т.П., Шулепова Э.А. Музейная выставка: история, проблемы, перспективы. – М., 1997